

Ақын тойына дайындық қалай?

2020 жылы еліміз халқымыздың біртуар персенті, ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын көн колемде атап өтудің жоспарлап отырганы белгілі. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаевтың мерейтойды жоғары деңгейде мерекелеу туралы Жарлығы шыкканин кейін Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын дайындау және отқізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылышп, өз жұмысын бастап кетті.

Азамат ҚАСЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Ақынның 175 жылдық мерейтойын отқізуге дайындық барысы жөніндегі жұмыс комиссиясы облыста да құрылған болатын. Облыс әкімі Даниал Ахметовтің өзі жетекшілік ететін, құрамына өнірдін зиялды қауым өкілдерінен генералитеттік комиссияның кезекті отырысы жақында дара тұлға туып-өсken топырақ Абай ауданының орталығы – Карапашыл ауылында өтіп, мерейтойға катысты атқарылатын шаралар жан-жақты пысықтады.

Ақшоқыда музей салынады

Комиссия отырысында қысқаша баяндама жасаған аймақ басшысы сезін осында жағымды жаңалықпен бастады. «Осында келе жатқында Сырт Қасқабұлак пен Ақшоқыға арналғы бүрүлдым. Көрдім. Ұлы ақын дүниеге келген Сырт Қасқабұлак пен ойшылдың экесі Құнанбай Өскенбайұлы, оның әuletі, үрпактары жерленген Ақшоқыға абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, сырты коршалады. Абай ауданы әкімдігі әзірлелеген жобаларға тағы да косымша қаржы болеміз. Ал Құнанбай әuletі жерленген Ақшоқыға көніл болмасse болмайды. Біз мұнда қолемі орташа музей саламыз. Жан-жағын жақсылап абаттандырамыз. Өйткені, халық ұлы Абайдың тұп-тамырын, кайдан шыққанын білуі керек» деді Д.Ахметов.

Орайы келгенде айта кете-тік, осы Сырт Қасқабұлак пен Ақшоқының мемлекет қамқорлығына алынбай еске-русіз, қараусыз қалып келе жатқанын «Egemen Qazaqstan» бірнеше мәрте көтерген болатын. Ел Президенті Қасым-Жомарт Токаев биыл көктемде, нақтырақ айтсақ, 26 сәуірде Шығыс Қазақстанға жасаған жұмыс сапарында Семейде зиялды қауым өкілдерімен кездескендеге: «Ұлы Абайдың ұлықтағанда оның экесі Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз жақет. Ол – Семейдеғана емес, тұтас казақ тарихында өз орны бар тұлға. Оны халқымыз жақсы біледі, кадір тұтады. Жас үрпакка жақсы үлгі-өнеге болатын істі мен әркашан қолдаймын. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру үшін біз, шын мәнінде, осындағы сабактастық дәстүрінде жол аштын бірегей бастамаларды колға алуымыз керек» деп облыс әкімдігіне Құнанбай есімін ұлықтауға

байланысты тиісті шараларды жүзеге асыруды тапсырганды.

Комиссия отырысында облыстық мәдениет баскармасының басшысы Азамат Мұхамедчинов мерейтой аясында облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде 330-дан аса іс-шара отқізу жоспарларын отырганын, казіргі уақытта жалпы сомасы 880 миллион тенгені құрайтын іс-шаралар жоспары әзірленгенін, бірақ бұл сома алдағы уақытта ұлғаюы мүмкін екендігін жеткізді. Семей қаласы мен Абай ауданындағы тарихи-мәдени нысандарды абаттандыруға және жолдарды жөндеуге ерекше көніл болінетінін атап өтті. Оның айтуынша, ақын мерейтой шенберінде абайтанушы, түркітанушы ғалымдардың катысуымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Жидебайдағы музей кешенінде «Абай – ұлы ойшыл» атты халықаралық суретшілер плэнери, облыс әкімдік шығармашылық ұжымдарының Туркия, Ресей, Қытай мемлекеттеріне гастрольдік сапарлары үйимдастырылады. Сонымен қатар ақын мұраларын насихаттау мақсатында казақ және орыс тілдерінде қойылымдар әзірленіп, еліміздің оқушыларының катысуымен «Абай оқулары» байқауы, жастар арасында республикалық ақындар айтысы отқізіледі. Ал казақ құресінен республикалық турнир, аударыспак, көкпар, бәйге секілді ұлттық спорт ойындарын жүртшылық Қарауылдағы киіз үйлер кала-шығында тамашалайтын болады.

Семейдегі Абайдың тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық корық-музейінің директоры Жандос Әубәкір Мәдениет және спорт министрлігіне бюджеттік отінім берілгенін, мерейтой аясында корық-музейдің бірнеше нысандары жонделіп, қайта жаңғыртылатынын, Абай шығармаларының 4 тілдегі жинағы жарық көрсетін, сліміздің өзге калаларында көрмелер үйимдастырылатынын, Абай-Шәкәрім кесенесін «Қазқайтажаңғыру» мекемесі ғылыми реставрациялық жұмыстар жүргізтінін, сол жерде «Ұлылар мекені» музей ашылатынын, кесене тоңірегі абаттандыратынын баяндағы.

Қарауыл қызы дайындық үстінде

Ұлы Абайдың 150 жылдығында негізгі мерейтойлық шаралар аудан орталығы Қарауылда дүбірлеп откені



“ АБАЙДЫ АҚЫНДЕЙМІЗ. ФИЛОСОФДЕЙМІЗ. ДҮРІС. ХАКІМДЕЙМІЗ. ХАКІМДЕГЕН СӨЗДІНДЕ БАЙЫБЫНА БАРА АЛМАЙ ЖУРМІЗ. МЕНИҢШЕ, АБАЙ ХАКІМНЕН ДЕ БИІК.

белгілі. Келесі жылы да со-лай болары анық. Осы орайда қазір Шыңғыстау жұрты үлкен тойға қызы дайындық үстінде. Қарауылда қарбалас. Жында сез алған Абай ауданындағы әкімі Жарқынбек Байсабыров аудан жұрты 175 жылдың мерейтойға барынша әзірленіп жатқанын, аудан орталығына ұлы ақынның еңсели ескерткіші орнатылып, сол жердегі алған толығымен абаттандырылғанын, Женіс саябагы жөндеуден өтіп, 4 батырга бюст койылғанын, Жидебайдағы Абай-Шәкәрім кесенесі Семейдегі Шәкәрім университеттінің көмегімен жа-рықтандырылғанын баяндалап, Қарауыл тұрғындарының бір тілегін жеткізді. «Қарауылдағы Абай атындағы мектеп-лицей 476 балаға арналған болса да, онда 869 бала оқып жатыр. Ал Қарауыл гимназиясында (137 балаға арналған) 326 бала білім алушада. Қарауыл ауылына тағы бір мектеп керек. Осыған көмектессеніз жақсы болар еді» деді аудан әкімі облыс басшысына. Д.Ахметов ел тілегі ескеруіз калмайтынын, бұл мәселе шешімін табатынын жеткізді.

Жында Семейден Қарауылға дейінгі жолдың жайы да сөз болды. «Семей-Қарауыл» бағытындағы жол 2017-2019 жылдары 4 миллиард тенгеден астам қаржатқа жөнделген болатын. Отрыста облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары баскармасының басшысы Нұржан Жұмаділов енді «Семей-Қарауыл» жолынан Семейдегі Абай музейіне дейінгі 12, Бөрілігे дейінгі 4 және Ақшоқыға дейінгі 21 шакырым жолдарды жөндеу жоспарларын отырганын тілге тиек етті.

Зиялды қауым өкілдері не деді?

Отрыста комиссия құрамына енген зиялды қауым өкілдері тарапынан бірнеше ұсыныс айтылды. Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тыныштықбек

Әбдікәкімұлы той-томалак, конференция, концерттермен шектелмей абайтануды жоғары деңгейге көтеретін тағылымды-тәнімды шара үйимдастыру жағеттігін алға тартты. «Абайтану деген жайғана тойда ұлғаюы шаруасы смес, бұл – аукымды ғылыми жұмыс. Абайтануға бір ғасырдан асты десек те, біз Абайды әлі тани алған жокпаз. «Жалын мен оттан жарадаған сөз ұғатын қайсын бар» дейді ұлы Абайдың өзі. Осы жалғыз ауыз сөзге әлі жауап табылған жок. Абайды ақын дейміз. Философ дейміз. Дұрыс. Хакім дейміз. Хакім деген сөздің де байыбына бара алмай журміз. Меніңше, Абай хакімнен де биік. Мысалы, қазақта маңдайдың соры бес елі деген сез бар. Немесе маңдайдың багы бес елі дейді. Бес бересі, алты аласы дейді. Бес күндік жалған дейміз. Неге ол бес күндік? Пешене, бес шеше дейміз. Абай осылардын барлығын айтты ма? Біз осы маңделерге үңілуміз керек. Осы мерейтойда абайтануды бір мысал болсын жоғары көтереікші. Сол үшін Абайды тануға арналған үлкен байқау үйимдастырысқа деген тілегім бар» деді ақын. Семейлік ғалым, абайтанушы Асан Омаров ұлы ақынның өлеңдерін оку чөллендікімен шектелмей, хакімнің сезіне үңілек, соны көпшілікке жеткізек, дәрістер оқысада деді. Сонымен қатар Ақшоқыдағы Құнанбай қорымынан 300 метр жердегі ұлы Абай отыз жыл турып, 150 өлеңін шығарған дөн назардан тыс калмай, қоршалса деген отінішін білдірді. Ал есекмендік ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Әлібек Қантарбаев «мерейтой карсаңыда Шығыс Қазақстан облысы мен Өскемен қаласын Абай деп атасақ» деген ұсынысын жеткізді.

Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы